
Қазақ газеті

Орындаған: Қошан Әсем



“ҚАЗАҚ” ГАЗЕТІ



Қазақ газеті – 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында жарияланып тұрған қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым. Бірінші номері 1913 жылы ақпанның екінші жұлдызында шыққан.

1915 жылға дейін аптасына бір рет шығап тұрса, одан кейін аптасына екі реттен шығарылған.

Бастырушысы – “Азамат” серіктестігі болатын, ал газетке қаржылай көмектескендердің көш басында Мұстафа Оразбайұлы тұр. Жалпы газеттің 265 номері жарық көрген.

Газет рәміздік бейне ретінде киіз үйді ұсынады. Бұл – қазақ ұлты деген мағынады береді. Оның түндігі батыстан ашылып, есігіне “Қазақ” деп жазылды. Мұны түсіндірген ұлт зиялылары “қазақ ішіне Еуропа ғылым-өнері таралсын, “Қазақ” газеті қазақ жұртына әрі мәдениет есігі, әрі сырт жұрт жағынан күзетшісі болсын” деп жазды.



“Қазақ” газетін шығаруды ұйымдастырушы,
редакторы Ахмет Байтұрсынұлы.



Ахмет Байтұрсынұлының өкілетті өкілі – Міржақып Дулатұлы



51. Міржақып Дулатов.
Орынбор, 1914 жыл.

51. Мирзакып Дулатов.
Оренбург, 1914 год.

51. Mirzhaqyp Dulatov,
Orenburg, 1914.

1918 жылы газетті Жанұзақ Жәнібекұлы басқарды.



Басылымда:

А. Байтұрсынұлы

Ә. Бөкейхан

М. Дулатұлы

М. Шоқай

М. Тынышбайұлы

Ш. Құдайбердіұлы

Ғ. Қараш

М. Жұмабаев

Ж. Сейдалин

С. Торайғыров

А. Мәметов т.б авторлардың мақалалары жарияланып тұрды.



XX ғасырдың басында аталған “Қазақ” газеті оқығандардың, діндарлардың, шәкірттердің, қарапайым сауаты бар адамдардың, тұтастай жалпы ұлттың ықыласпен оқитын басылымына айналды. Бұдан кейін пайда болған газет-журналдар осы “Қазақтың” шекпенінен шақты деп айтсақ қате айтпағанымыз.



Соғыс һәм қымыз мәселесі

Соғысқа қазақ үйі қолайлы болған соң, киіз үй алынды. Соғысқа қазақ аты төзімді болса да, соң, қазақы аттар алынды. Соғысқа қазақтың қымызы да керек болатын көрінеді. Соғыс қымыздың не керегі барлығын «Р.Б.» газетасында М.К. деген біреу былай жазады:

Біздің Россияда көкірек аурулылар қай кезде де болса көп еді, енді соғыс уақытында, соғыстан кейінгі кезде де көкірек аурулылар бұрынғысынан көбейеді. Соғыстан қайтқан әскерлердің арасында көкірек аурулылар көп болатыны шүбәсіз. Көкірек ауруға қарсы күресу үшін соңғы кезде бүкіл Россиялық көкірек ауруымен алысатын қауым деген анықталды. Бірақ ол қауым ісіне қалалар, земстволар кіріспесе, халық арасына тамыр жайып тарату қоятын емес. Халыққа тарап тамыр жайған соң онан пайда аз болып тұр. Жайшылыққа іске көңіл қойып істеушілер кем болса да, енді соғысқа барып қайтқан әскерлердің көмегі үшін бұ жағына ілтипат назар саларға тиіс. Бұл жұмысқа көп расход, көп күш керек, денсаулығы кеміп қайтқан аурудан айығып қатын-баласын асырарлық болғаны үшін ол ем жұмысына шығатын расходтан жүз есе артық. Соғыстан көкірек ауру болып, яғни түрмен денсаулығынан айырылып қайтқан әскерлердің оңалуына керек зат қымыз ғана болады. Бұлар нағыз емнің барып тұрғаны екендігі даусыз. Соғыс бітіп, әскерлер қайтқанда оның ішінде қатын-баласын асырау түгіл, үй-ішіне масыл болып, аурулы қайтатындары болатынында шүбә жоқ. Олардың алдына еміміз даяр тұрғаны абзал. Олай ету үшін қалалар, земстволар күш қосып, көмектесіп, бірігіп іс қылулары тиіс.